

ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Дуйсабаева Дилбар Ускановна

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Өзбек тіл білімі кафедрасының доценті

Шыршық, Өзбекстан.

Аннотация: Мәдениет анықтамаларының алуан түрлілігі оны түсінуге әртүрлі көзқарастардың болуымен шартталады: философиялық, теологиялық және ғылыми, олардың әрқайсысының өзіндік логикасы, мақсаты және мәдениетті танудың механизмдері болып табылады.

Кілтті сөздер: лингвомәдени, тұлға, құзыреттілік, лингвистика, мәдениеттанушылық, сөйлеу, қарым-қатынас.

THE PROBLEM OF FORMING LINGUISTOCULTURE COMPETENCE OF A PERSON

Duysabaeva Dilbar Uskanovna

Shyrchik State Pedagogical University

Associate Professor of the Department of Uzbek Linguistics,

Abstract: The variety of definitions of culture is determined by the presence of different approaches to its understanding: philosophical, theological and scientific, each of which has its own logic, purpose and mechanisms of cognition of culture.

Keywords: linguistic culture, personality, competence, linguistics, cultural studies, speech, communication.

Қазіргі таңда мамандарды әзірлеудің кәсіби дайындық теориясы мен әдістемесінің алдында тұлғаның жоғары лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырумен байланысты өзекті ғылыми негіздеу мәселесі туындап отыр. Лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерімен Д.И. Башурина, А.В. Гетманская, Е.А. Иванова, Ф.С. Кебекова,

М.С. Киселева, М.А. Мигненко, И.А. Орехова, М.А. Пахноцкая, Л.Г. Саяхова, Н.А. Фоменко, Ф.Б. Хубиева, Е.А. Чубина, А.М. Шуралёв және т.б. сияқты ғалымдар айналысады. Алайда жоғарыда аталған авторлардың жұмыстарында лингвомәдени құзыреттіліктің ұғымына және құрылымына әр түрлі көзқарастар берілген, осыған байланысты оны түсіну әр түрлі болып келеді, демек оны қалыптастыру тәсілдері, әсіресе жоғары кәсіби білім беру орындарында, әр түрлі болып отыр.

Жоғарыда аталған ғалымдар ұсынған лингвомәдени құзыреттіліктің анықтамасы, берілген құзыреттіліктің маңыздылығын ашты. Осыдан келіп туатын ой, лингвомәдени құзыреттілік – бұл адамның дербес іске асыра алатын жеке интегралды қасиеті. Ол мәдениет туралы білім жүйесі негізінде құрылған, белгілі бір ұлттық тілде іске асырылған, жеке адамның теориялық-практикалық және жекелік, әлеуметтік маңызды дайындығында, практикалық іс-әрекет барысында арнайы іскерліктерді, дағдыларды адамның жекелік қасиетін, тілде айтылған және сол тілде сөйлеушілердің коммуникативті іс-әрекетін реттеуші мәдени құндылықтарды игеру барысында пайда болатын қабілеті және тәжірибесі (субъекттік және әлеуметтік).

Лингвомәдени құзыреттіліктің құрылымын сараптай келе, біз оны құрайтын өзара байланысты құзыреттіліктерді ұсынамыз:

1. Лингвистикалық (тіл зерттеушілік) – сөйлеу барысын дұрыс ұйымдастыру үшін тіл туралы теориялық, лингвистикалық білімдерді белсендіру және жүйелеу іскерлігін игеру;

2. Тілдік – тілді практикалық игеру; сөйлеу барысын дұрыс ұйымдастыру үшін тілдік бірліктерді сараптау және таңдау үшін адамның лингвистикалық (тілдік) білімдерінің қоры;

3. Сөйлеу – қарым-қатынас мақсатына орай сөйлеу іс-әрекеті; түрлі сөйлемдерді құрастыру үшін саны шектелген тілдік бірліктерді қолдану, олардың әрекет ету және қолдану заңдылықтарын білу;

4. Әлеуметтік-лингвистикалық – контекстіге сай тілдік формаларды таңдау және оларды түрлендіріп, қолдану (қарым-қатынастың жағдайына және мақсатына, коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік рөліне тәуелді);

5. Дискурсивті (прагматикалық) – берілген әлеуметтік ортада қабылданған қарым-қатынас ережелерінің көмегімен сөйлеу іс-әрекетін (жазбаша немесе ауызша) ұйымдастыру;

6. Стратегиялық (компенсаторлық) – ауызша және ауызша емес сөйлеу стратегиялар арқылы тілдік, әлеуметтік білімнің қарым-қатынас тәжірибесінің нақты жағдайында жетіспеушілігінің орнын басу;

7. Әлеуметтік-әлеуметтік жағдайда хабардар болу және оны басқару. Қарым-қатынас жасау және оны жалғастырудың практикалық көрінісі;

8. Лингвоелтанушылық-ұлттық-мәдени тілдік бірліктерден мемлекеттің мәдениеті, дәстүрлері, халықтың тұрмыс-салт ерекшеліктері жайында алынған білімді шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында қолдана алу;

9. Әлеуметтік-мәдени – оқып жатқан тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін (салт-дәстүрлерді, тарихты және мәдениетті білу) және

тілдік байланыстар ережелерін (әлеуметтік ұстанымдар мен этикет) меңгеру;

10. Мәдениеттанушылық – қабылданған экстралингвистикалық білімдер кешенінің, басқа елдің әлеуметтік-мәдени, сонымен қатар елтанушылық білімдердің қалыптасуына зор үлес қосқан тарихи жағдайлар туралы білімдердің негізінде мәдениеттер арасындағы тілдік қарым-қатынас жасауға мүмкіндік, өзіндік және шетелдік мәдениетке талдау жасай білу ;

11. Оқу-танымдық (оқу-әдістемелік) – өз бетінше жаңа білімді, іскерліктерді және іс-әрекет жасау тәсілдерін игере алу.

Жоғарыда берілген құзыреттіліктердің өзара байланысы интегративті сипатқа ие болып отыр, себебі лингвомәдени құзыреттілік өзара тығыз байланысқан өзіндік қасиеттері бар біртұтас білімді білдіреді.

Тұлғаның бойында лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыруда интегративті тұғырды қолдану қорытындылары келесідей болу керек:

а) тұлғалық және әлеуметтік маңызды кәсіби қызметті іске асыру үшін тұлғаның жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту;

ә) мәдени құндылықтарды игеру үдерісі барысында субъектілік және әлеуметтік тәжірибені байыту;

б) жүйелілік, білім өрісін кеңейту және тереңдету;

в) дағдылар мен іскерліктердің жалпылығы және кешенділігі;

г) тұлғалық және әлеуметтік маңызды кәсіби қызметті іске асыру үшін студент үшін теориялық-қосалқы дайындық мүмкіндігін беру.

Сонымен, тұлғаның лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы интегративті тұғыр – бұл тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал жасайтын, оның құрамдас құзыреттіліктердің өзара әрекеттесуінің үрдісін және қорытындысын сипаттайтын тәсілдер жинтығы.

Адамның тілдік білімі өз бетінше пайда болмайтыны баршаға мәлім. Ол белгілі әлеуметтік ортада қалыптасқан ережелерге сай адамның бастан кешірген жағдайларына, яғни өмірлік тәжірибесіне байланысты. Сол себептен сөзді тану – оны өз тәжірибеңе еңгізуді білдіреді. Ішкі контекст адамның индивидуалды біліміне, оның индивидуалды әлем бейнесіне тікелей байланысты. М.Р.Қондыбаеваның пікірінше, жедел жадының, болжау дағдыларының жеткілікті көлемі, сөйлеу іс-әрекетінің жылдамдығы, есту арқылы сөздерді тез арада тану көптілді білім беру жүйесінде үлкен нәтижеге әкеледі.

Тілді қабылдау туралы зерттеулерде «үлгі» деп, адамның жадында сақталған, өткен іс-әрекет «ізі» немесе «таңбасы» деп түсіндіріледі. Ал екінші божам, оны «іздеу үрдісінің өзі» деп атайды. Әрине, бұл екі божамды бір-бірімен қатар қолдануға болады, себебі олар бір-бірін толықтырып, жетілдіреді. Егер шет тілін оқыту үрдісінің құрамы лингвистикалық және психологиялық-педагогикалық жағынан зерттелсе, оқыту барысында кездесетін көптеген қиындықтар анағұрлым нәтижелі шешіледі.

Тілдің негізгі бірлігі сөз болып табылады. Ол күрделі құрылымға ие және бұл құрылымның ажырамас бөлігі мағына екендігі белгілі. Сөздің мағынасында тек қана заттың аты емес сонымен қатар оның жеке қасиеттері көрініс тауып, бұл сөзді белгілі бір топқа жатқыза алатындай мағлұмат береді. Сөздің мағыналық ерекшелігі бірден меңгеріле алмайды, кейбір кездері біз белгілі бір сөзді күнделікті өмірімізде қолдана отырып, оның түпкілікті шыққан тегін білмейміз. Сөздің құрамы, оның негізгі бөлігі –мағына, өте күрделі сұрақ. Психологияда сөз мағынасы адамның жеке түсінушілігінен бөлек, шындықтың жалпыланған бейнесі деп түсіндіріледі. Сөз мағынасында тек заттың атауы ғана емес, сонымен қатар оның белгілері, басқа сөздерге деген қатынасы, белгілі категорияларға

жатқызылуы сияқты ерекшеліктері көрінеді. Ана тілінде жаңа ғана сөйлей бастаған бала сөздердің мағынасын бірден біле қоймайды. Сөздердің мағыналарын есте сақтап, бекіту үшін дамудың ұзақ жолы қажет. Сол сияқты шет тілін оқып жатқан студенттер үшін де бұл аса маңызды. Психологтардың пайымдауларына сүйенсек, шет тілін оқу, тілдік лексиканы үйрену барысында, студенттер алғашында сөздерді ұсақ топтарға бөліп, кейін ғана олардың арасында байланыс орнатады.

Мәдениет анықтамаларының алуан түрлілігі оны түсінуге әртүрлі көзқарастардың болуымен шартталады: философиялық, теологиялық және ғылыми, олардың әрқайсысының өзіндік логикасы, мақсаты және мәдениетті танудың механизмдері бар. Ғылыми көзқарас шеңберінде мәдениеттің көптеген концепцияларының, әйтпесе көп концептуалдылықтың болуы әртүрлі ғылымдардың мәдениетті тану процесінде белгілі бір құралдарды, зерттеу әдістерін қолдануына және сонымен бірге ерекшелігіне байланысты. бұл құбылыстың әртүрлі аспектілері.

Мәдениет ерекше және жоғары теориялық күрделіліктің объектісі болып табылады. Бізге белгілі кез келген табиғи нысанға ұқсастық жасау арқылы мәдениетті анықтау әрекеттері сәтсіздікке ұшырайды, өйткені мәдениет табиғаттан тыс объект болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Колков М.К. Проблемы обучения иностранных языков в вузе // Методическое пособие обучения иностранных языков в школе и вузе.- Санкт-Петербург, 2001.-236 с.
2. Языковое образование в вузе: Методическое пособие для преподавателей высшей школы, аспирантов и студентов.-Санкт-Петербург: КАРО, 2005.- 160 с.

3. Волкова Л.В. Методика формирования коммуникативной компетенции в практике преподавания английского языка: учебное пособие.-Астана, ЕАГИ, 2010.-84 с.
4. Байкабилов У., Ботирова Ш. Мәнерлеп оқу және тіл мәдениеті. Ташкент.: 2021
5. Duysabaeva D.U. THE ROLE OF EDUCATIONAL PRACTICE IN THE PROFESSIONAL AND METHODOLOGICAL TRAINING OF FUTURE NATIVE LANGUAGE TEACHERS.
<https://www.researchgate.net/publication/>
6. Дуйсабаева Д. Формирование лингвокультурологической компетенции будущих специалистов по родному языку.
<https://ijssrr.com/journal/issue/view/21>